

6DD020500 «Филология» мамандығы бойынша филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ақтанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология докторы (PhD) Сыздықов Серикбол Қуасиновичтің

### ЖАЗБАША ШІКІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағыттың көрсету)	Ш. С. Ақтанованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.  Ақтанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасын; Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын; Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» стратегиялық мақаласының; Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын басшылыққа алған. Диссертациялық жұмыс 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер атты ғылым дамуы басым бағытының 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әлебиет пен

		<p>тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жанғыруының мұралары мен бастаулары атты мамандандырылған ғылыми бағыттарына сәйкес келеді. 8. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер: Жұмыс білім және ғылымның негізгі тенденцияларына сәйкес жүргізілген. Алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы және салыстырмалы әдебиеттану пәндері мен абайтану, әуезовтану арнайы курстарында қолдануға болады.</p>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу ғылымға елеулі үлесін қосады және жұмыстың мазмұнында тақырыптың маңыздылығы толық ашылған. Салыстырмалы әдебиеттану саласында екі классик қаламгердің концептілік категориялар негізінде табиғат пен адам байланысын жалпыадамзаттық құндылықтарға байланысты сараланып берілуі ғылымға қосылған елеулі үлес деуге болады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер ғылымға қосылған маңызды жаңалықтар ретінде жұмыстың маңыздылығын ашады.</p>
3.	<p>Өзі жазу принципі</p> <p>Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары деп бағаланады. Ізденушінің ғылыми стилінде жазу тәжірибесі қалыптасқан, баяндау тілі жатық. Жұмыстың мақсаты мен алдың ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық кезеңдері реттілікпен орындалып, бірін-бірі толықтырып отырады.</p>
4.	<p>Ішкі бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде тақырыптың өзектілігі толық әрі жан-жақты негізделген. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаһандық интеграция кезінде жалпы адамзат бағасына ортақ құндылықтарды әлемге танымал екі жазушының шығармаларынан мысалдар келтіре отырып, дәлелдеуімен негізделеді. Сонымен бірге диссертацияда қарастырылған әдебиеттанулық концептілер зерттеу жұмысының жаналығын айқындайды.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Диссертацияның екі тарауы мен бөлімдеріндегі жүйелі талдаулар</p>

	<p><b>1) айқындалды;</b>  2) жартылай айқындалды;  3) айқындалмайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:  <b>1) сәйкес келеді;</b>  2) жартылай сәйкес келеді;  3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:  <b>1) толық байланысқан;</b>  2) жартылай байланысқан;  3) байланыс жоқ</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (категоралар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:  <b>1) сыни талдау бар;</b>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>жалпы ғылыми зерттеудің мазмұнын толық ашып, нақтылы тұжырымдар жасаумен ерекшеленеді. Жасалған тұжырымдар нақтылы және ғылыми стильде берілген.</p> <p>Зерттеудің мақсаты мен белгіленген міндеттер диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты дұрыс қойылып, міндеттер жүйелі анықталған. Зерттеу еңбегінің құрылымы, тақырыптық-мазмұндық жүйесі ғылыми-теориялық тұрғыдан дәлелді.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан толық байланысқан. Зерттеу мазмұнының ішкі бірлігі сақталған. Ғылыми жұмыстағы ізденушінің талдаулары мен ой-пікірлері диссертациядағы тұжырымдармен және қорытындылармен сабақтасады. Бұл зерттеудің біртұтастығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста М. Әуезов пен Ә. Хемингуэйдің шығармаларына байланысты бұрын талданған мәселелерді қарастыра келе өз ұсыныстарын салыстырмалы түрде бере алған. Әсіресе, жалпы адамзатқа ортақ құндылықтар ретінде отбасы, әйел адам, ер адам, бала бейнесіне қатысты талдауларды салыстырмалы кестеге салып, нақтылы көрсеткен. Осындай саралау негізінде автор өзінің сыни талдауын бере алған. Сыни талдау жасауда диссертант салыстырмалы әлебиеттанулық әдістерді ұтымды қолданған.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен категориялар жаңа болып табыла ма?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u>  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады. Әлем таныған қос қаламгердің туындыларындағы жазушылық таным арқылы ашылатын әлебиеттанулық концепті категориялары алғаш рет ғылыми айналымға енгізіліп отырғандықтан, алынған нәтижелер де нақтылы және тын:</p> <p>1. М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы сюжет пен оқиға, тақырып пен идея арқылы көрінетін жазушылық таным мен рухани үндестік анықталған;</p>

		<p>2. Жазушылар шығармаларындағы адам және табиғат концептілері алғаш рет нақтылы дәлелдер арқылы салыстырыла отырып талданған;</p> <p>3. Қаламгерлер шығармаларындағы адам болмысы және оның табиғатпен байланысы сараланып, олардың шығармадағы негізгі ойды беру ерекшеліктері айқындалған;</p> <p>4. М. Әуезов және Ә. Хемингуэй шығармаларындағы экзистенциалистік суреттер арқылы өрілген жазушы идеясы дәйектелген;</p> <p>5. Жазушылардың шығармашылық ерекшеліктері арқылы көркем әдебиеттегі психологизм мәселесі салыстырыла отырып талданған;</p> <p>6. М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы көркем бейнелердің шынайылығы туралы қорытындылар жасалып, тарихи таным мен көркемдіктің ара жігі ашып көрсетілген.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады. Диссертациялық жұмыста М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармашылығындағы адам мен табиғат концептілерінің рухани, танымдық, көркемдік үндесу негізі анықталып, адам жанының рухани экологиясы мәселесі концептілік категориялар негізінде тұжырымдалған.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған барлық шешімдер толығымен жаңа болып саналады және негізделген.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p><b>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген / негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды, шынайы дәлелдемелермен негізделген.</p> <p>Зерттеу негізінде жасалған қорытынды тұжырымдар сипаты жаңа, ғылыми тұрғыдан маңызды, шынайылық дәрежесі жоғары.</p>

	Бойынша)	Барлық ғылыми тұжырымдар негізгі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.
7. Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әр қағидағ бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде ізденуші тарапынан алты қағидағ ұсынылған. Бұл қағидағтардың еркайсысы:</p> <p>7.1 Зерттеудің әр қағидағты толық дәлелденген. Жұмыстың теориялық негіздері мен талдаулары еш күмән тудырмайды;</p> <p>7.2 Жоқ. Тривиалды емес, өйткені зерттеу нысанысы – салыстырмалы әдебиеттану мен әдебиет теориясы негіздерін қамтитын өзекті проблема.</p> <p>7.3 Ия. Толыққанды жана. Ұлттық мемлекеттік ғылыми-сараптама орталығынан талапқа сай талдаудан өткен.</p> <p>7.4. Қолданылу деңгейі ауқымды, кең: салыстырмалы әдебиеттану, әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әуезовтану салалары бойынша филологиялық бағытта қолдануға болады.</p> <p>7.5. Ия. Зерттеу нәтижелері ізденушінің авторлығымен жарияланған 14 ғылыми мақалада дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қорытынды тұжырымдары бойынша отандық және шетелдік басшылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың материалдар жинағында 8 мақала жарияланған. ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 6 мақала жарық көрген:</p> <p>1. Ә. Хемингуэй мен М. Әуезов шығармаларындағы әйелдер образдары // Ш. Улиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2020/№4 (1). 148-155 б.</p> <p>2. Ә. Хемингуэй романдарындағы «Жоғалған ұрпақ» мәселесі // С. Торайғыров университеті хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2020/ № 3. 73-84 б.</p> <p>3. М. Әуезов пен Ә. Хемингуэй шығармаларындағы үндестік // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – № 7 /2020. 163-167 б.</p> <p>4. Шәкерім Құдайбердіұлы мен Мұхтар Әуезов мақалаларындағы ел тарихы мен мәдениеті мәселесі // Қазақстанның ғылымы мен</p>

		<p>өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – № 11 (143) /2020. 128-132 б.</p> <p>5. Gender issues in the transmission of the artistic image of women in the works of M. Auezov and E. Nemingway // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №1, 2023. 179-191 б.</p> <p>6.М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы табиғат пен адам концепт категориялары. Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. № 2, 2023 42-48 б.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша дәрілау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Иә. Зерттеу барысында таңдалған әдіснамасы диссертациялық жұмыстың мақсат, міндеттеріне сай таңдалған. Диссертациялық еңбекте мақсат-міндеттерге сәйкес берілген тарихи-салыстырмалы әдіс қоғамдық орта тарихы мен сол ортадағы жеке адамдардың психологиялық ерекшеліктерін салыстыра талдауда, аналитикалық талдау әдісі жазушылар туындыларындағы көркемдік деталь, пейзаж, портреттің берілу сипатын айқындауда, жүйелілік әдіс жалпыадамзаттық мәселелердің қаламгерлер шығармаларындағы үндестігін анықтауда пайдаланылған.</p> <p>Иә. Диссертациялық еңбектің дереккөздері мен берілген ақпараттарының дәйектелуі жоғары. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жасалған кестелер мен суреттердің безендірілуі мен ресімделуі диссертацияның мазмұндық құндылығын арттыра түседі.</p> <p>Иә. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері ретінде қазақ зерттеушілері: А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, З. Каболов, 3. Ахметов, А. Нұрқатов, Р. Нұрғали, Б. Майтанов, К. Сыздықов, Т.Жұртбай, Ж. Дәдебаев, А. Еспенбетов, Г. Пірәлі, және тағы басқа отандық ғалымдармен қатар, А. Аскольдов, В. Маслова, Д. Лихачев, С.Померанцева, А. Режбицкая, Г. Гачев, З. Попова, А. Гуревич, В.Зусман, Ю.</p>

	<p>негізінде дәлелденеді):  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p> <p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған / ішінара расталған / расталмаған</b></p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>	<p>Степанов, Н. Володина, Л. Гинзбург, А. Бабушкин, Е. Стеценко, Т. Денисова, Б. Грибанов т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектері және энциклопедия, түсіндірмелі, аударма және терминдер сөздігіндегі сияқты ғылыми еңбектері алынған.</p> <p>Диссертациялық еңбекте манызды мәлімдемелер нақтылы және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Зерттеу барысында 128 отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу еңбектері пайдаланылған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі салыстырмалы әдебиеттану, әдебиет теориясы мен концептілік категорияларға арналған зерттеу жұмыстары болғандықтан тақырыпты ашуға толық жеткілікті деп саналады.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:  <b>1) ия;</b>  <b>2) жоқ</b></p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?  <b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b>  <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыста алғаш рет М. Әуезов пен Э. Хемингуэйдің шығармалары концептілік категориялар аясында талдануы жұмыстың теориялық манызын айқындайды.</p> <p>Ия. Диссертациялық жұмыста алынған зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет тарихы, әдебиет сыны, әдебиет теориясы және салыстырмалы әдебиеттану пәндері мен абайтану, әуезовтану арнайы курстарында қолдануға болады.</p> <p>Диссертацияның практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып келеді. М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармалары алғаш рет салыстырмалы түрде зерттеу нысанасы ретінде тандалып, шығармаларының ерекшеліктері концептілік аяда талданып отыр.</p>
<p>10.</p> <p>Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:  <b>1) жоғары;</b>  <b>2) орташа;</b>  <b>3) орташадан төмен;</b></p>	<p>Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Диссертация ғылыми стилде жазылып, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелері дұрыс қолданылған.</p> <p>Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми</p>

	4) төмен.	<p>жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыста берілген кестелер мен суреттерді мысалдарды мәтін ішінде де беруге болатын еді. Сонымен бірге жұмыста аздаған техникалық және әріп қателері бар. Алайда, бұл аталған кемшіліктер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкес орындалған. Ғылыми стилде жазылған, зерттеу бағыты мен мақсаты айқын, міндеттері толық шешімін тапқан.</p>
--	-----------	---

**Шешім:**

бД020500-«Филология» мамандығы бойынша қорғауға ұсынылған Ақтанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э.Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Академиялық дәреже тағайындау ережесінің» 2-бөлімінде көрсетілген талаптарына толығымен жауап беретін, ғылыми негізделген ұсыныстары мен қорытындылары тұжырымдалған, теориялық және практикалық маңызға ие зерттеу. Осы аталғандардың негізінде Ақтанова Шолпан Советовна «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына он баға бере отырып, филология докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ресми рецензент:**

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология докторы (PhD)**



**13.12.2023 ж.**

